

## Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есебі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «6D020200 – Халықаралық қатынастар», «6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңес " 18 " 02 2019 г. №49 университет ректорының бұйрығымен құрылған

Диссертациялық кеңес төрайымы – Байзақова Қ.Е.

1. Өткізілген отырыстар саны – 6.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (жоқ).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Мадиев Данияр Әріпбайұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
2. Керімбаев Ержан Әбдрайымұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 *Мадиев Данияр Әріпбайұлының «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015)»* атты диссертациясы соңғы жылдары ҚКП басшылығы елдің аймақтық даму стратегиялық жоспарын жүзеге асыру мақсатында халықаралық саяси-экономикалық бағдарламаларды қолға алуда. Осындай бағдарламалардың қатарында, 2013 жылы қыркүйек айында, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған сапары барысында, аймақтық экономикалық дамытуды жүзеге асырудың механизмі ретінде ұсынған «Бір белдеу - бір жол» стратегиялық бағдарламасын атауға болады. Оның айтуынша, Қытай мен Орталық Азия аймағында орналасқан мемлекеттердің мүддесі ортақ. Осыған байланысты Си Цзиньпин Евразия аумағында ынтымақтастықтың жаңа үлгісіне көшуге, бірлесе отырып «Жібек Жолы экономикалық белдеуін» жүзеге асыруға шақырды. Қытай басшылығының ұсынысы Қытайдың солтүстік-батыс аудандарын дамытуды ынталандыруға, Қытайдың батыс және шығыс аудандарының дамуындағы теңгерімсіздік мәселесін жоюға, Қытайдың Батыстағы мемлекеттерге ашықтығын кеңейту арқылы елдегі артық өндірістік қуаттарды шетелге шығару проблемасын шешуге, тауарлар мен капиталды экспорттау үшін Еуразия құрылысындағы жаңа нарықтарды игеруге көмектеседі деп қарастырылуда.

Бүгінгі таңда, ҚХР Солтүстік-батыс шекара өңірін дамыту стратегиялық жоспарын жүзеге асыруда. Сондықтан, аталған аймақтың стратегиялық маңыздылығын айқындау, Қазақстанмен шекаралас өңірдің элеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымының жақсаруы, халықаралық сауда-экономикалық байланыстарын ұлғайту саясаты мен жүзеге асыру практикасының еліміз үшін тиімді және тиімсіз тұстарын зерттеуге ерекше көңіл аударуымыз қажет.

**Зерттеу жұмысының нысаны:** Халықаралық интеграция контекстіндегі аймақтық саясат пен шекара аумақтарындағы қазіргі саяси, экономикалық және инфрақұрылым жүйесінің дамуындағы басты тенденциялары мен негізгі ерекшеліктері.

**Зерттеудің мақсаты** – ҚХР-дың Батыс аймақты дамыту стратегиясының аясында Шыңжаң мен оның солтүстік-батыс шекара өңірінің элеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

- ҚХР-ның солтүстік батыс аймағының, шекара аумағының географиялық және элеуметтік саяси жағдайының ерекшеліктерін анықтау;
- ҚКП-ның елдің солтүстік батыс аймағын дамыту саясатының эволюциялық даму үдерісінің заңдылықтарын анықтау;
- Шекаралық аумақтағы элеуметтік экономикалық дамудың кезеңдері мен ерекшеліктеріне талдау жасау;
- Шекаралық аумақтың инфрақұрылым құрылысын дамытудың саяси және экономикалық сипатын айқындау;



- Шыңжаңдағы өндірістік-құрылыс корпусының (бинтуань) өлкенің саяси және шаруашылық өміріндегі орны мен рөліне талдау жасау;

- ҚКП-ның батыс аймақты - Шыңжаңды қауырт игеру стратегиясын іске асыру механизмдерін және оның аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын қарастыру;

- Қытай шекара аймағының дамуы мен ҚХР-ҚР шекара бойындағы сауда-экономикалық байланыстарының даму ерекшелігін анықтау.

**Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы** Зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын шығыстану, халықаралық қатынастар, тарих, мәдениет, этнографияға арналған арнайы курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 7 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

**4.2 Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы»** атты диссертациясы Қытайдың қарқынды дамуы және өктемдігінің артуы әлемде «сары қауіп» («синофобия»), «қытай қауіпі» деген үрейді тудырды. Қытай өз саясатын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіргенімен олардың өктемдік әрекеттері мен «қарызға батыру» дипломатиясы «қытай қауіпін» асқындыра түсті. Әсіресе, әлемдік жетекшілікке таласы - АҚШ пен ҚХР-ды ашық айқасқа шығарды. Тіпті АҚШ «Қытайдан арылуға» әрекеттенуде. Әсіресе қытайдың рухани-санаға сіңірген солшылдық идеялогиясының зардабын тартқан АҚШ және Батыс елдері одан тазарудың маңыздылығы мен қажеттілігін алға тартып отыр.

Қытайдың Орта Азия елдеріне, Қазақстан қоғамына жасаған көп жылдан бергі экономикалық экспанциясының ауыр зардабы қазір анық байқала бастады, әсіресе қытайлық тіл мен мәдениеттің терең сіңіп кіруі - көпшіліктің алаңдаушылығын туғызды. Соған байланысты қоғамда «антиқытайлық» толқулар мен нәсихаттың белең алып отырғаны жасырын емес. Сондықтан Қытайдың сыртқы тілдік саясаты әлем елдеріне қалай жүрді, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениеті қалай тарады? Оның ықпалы қаншалықты деңгейде? деген көкейкесті сұрақтарға ғылыми түрде жауап беруде аталмыш тақырыптың өзектілігі айырықша.

**Зерттеу жұмысының нысаны:** Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралу үдерісі.

**Зерттеудің мақсаты** – Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуын жүйелі түрде зерттеп анықтау; Қытайдың сыртқы тілдік саясатының «жұмсақ күш» контексінде жүзеге асырылуын, қытайлық ұлттық мәдениеттің әлемдік ықпалын, әсіресе Қазақстанға, Орта Азияға жасаған әсерін анықтап, тұжырым жасау.

**Зерттеу міндеттері:**

- Қытайдың сыртқы тілдік саясат қабылдауының тарихи жағдайы мен халықаралық саяси жағдайын анықтау;

- Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының мақсаты мен қытайлық ерекшеліктеріне талдау жасау;

- Қытайдың шет елдерде ұлттық тілі мен мәдениетін тарату мақсаты және оны жүзеге асыру тәсілдеріне талдау жасау;

- Қытайдың дүниежүзіне қолданған сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктерін және әр аймақ елдерінің қытай мәдениетін қабылдаудағы айырмашылықтарын анықтау;

- Қытайдың шет елдерде Конфуций институттарын құру үдерісін және оның атқаратын қызметтеріне талдау жасау;

- Қытай тілі мен мәдениетінің Орта Азия мемлекеттеріне таралуы мен ықпалын саралау;

- Қытай тілінің Қазақстанда таралу үдерісі және қытайлық мәдениеттің Қазақстанға ықпалын зерттеу.

**Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы** Зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын шығыстану, халықаралық қатынастар, тарих, мәдениет, этнографияға арналған арнайы курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 12 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау. Барлық рецензенттер БҒСБК талаптарына сәйкес іріктеліп алынды, адал және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарады. Диссертациялар бойынша сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. Диссертацияларды сапалы дайындау және жекелеген ескертулерді жою мақсатында төмендегілерді ұсынамыз:

- қорғауға қабылданғанға дейін диссертациялық кеңестер кезінде ғылыми семинардан барлық докторанттарға міндетті түрде өту керек;

- ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаны іске асыруға докторанттың қатысуын ескеру.

7. философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор (Таблица 1) ғылыми дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер

Таблица 1

	«6D020200 – Халықаралық қатынастар»	«6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)»
қарадан шығарылған диссертациялар	-	-
оның ішінде диссертациялық кеңес қайтарып жіберген	-	-
рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	-	-
қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар	-	2
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-
қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімімен	-	-
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-
қорғалған диссертациялардың жалпы саны	-	2
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы

Байзақова Қ.Е.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Жекенов Д.Қ.

